



# ПРИОЗЕРСКИЙ Вестник

№ 22/770

2022 жылғы 03 маусым, жұма

Газет 2004 жылдың 26 маусымынан бастап шығады

18+

4-маусым – Мемлекеттік рәміздер күні

Дөңгелек үстел

## МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – МАҚТАНЫШЫМЫЗ

Мемлекеттік рәміздер – бұл кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырағысыз атрибуттарының бірі. Қазақстан Республикасында Мемлекеттік ту, Мемлекеттік елтаңба және Мемлекеттік әнұран мемлекеттік рәміздер болып табылады. Қазақстан Республикасы 1991-жылы 16-желтоқсанда өзінің тәуелсіздігін алған болатын. Қазіргі кезде тыныш әрі бейбіт өмір сүрудеміз. Сонымен қатар, ел тәуелсіздігінің белгісі – мемлекеттік рәміздер халық жүрегінің төрінен орын алуда. Біздің елде өмір сүріп жатқан әр адам мемлекеттік рәміздерді құрмет тұтып, сыйлайды.



Мемлекеттік рәміздерге елтаңба, ту және әнұранымыз жатады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы – дөңгелек пішінді және ортасында көгілдір түс аясындағы шаңырақ бейнеленген. Шаңырақ – елтаңбаның жүрегі. Ол – күн тәрізді. Шаңырақ – отбасының белгісі және көшпелі түркілердің ұғымы бойынша үйдің, ошақтың және бірліктің белгісі. Сонымен қатар, айналған Күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті. Етаңбаның сол және оң жағында қанатты тұлпар бейнеленген. Тұлпар – дала дүлдiлi, ер-азаматтың сенiмдi серiгi, ешқашан налымайтын, тек алға ұмтылатын жануар бейнесi. Ал қанатты тұлпар – аңыз-әңгімелердегi және қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол уақыт пен кеңiстiктi бiлдiредi. Қанатты тұлпар – асқақ мақсаттың, асыл арманның, ұшқыр ойдың белгiсi. Елтаңбаның жоғарғы бөлiгiнде бес бұрышты жұлдыз бейнеленген. Ол елдiң жарқырап, жоғарыдан көрiнiп тұрғанын көрсетедi. Елiмiздiң арман-мақсатынан, асқақ рухына хабар беретiн ұлттық елтаңбамыздың авторлары – Жандарбек Мәлiбеков және Шотамам Уәлиханов.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы – көгілдір түсті, тік бұрышты кездеме. Оның ортасында нұрын шашқан, арайлы күн орналасқан. Күн – бейбітшіліктің, тәуелсіздіктің пен еркіндіктің, өмірдің белгісі. Сондай-ақ, күн бейнесі уақыт пен мәңгілік қозғалыстың, жаңарып өсу мен дамудың, батыс пен шығыстың, сол күннің

ұр шұғылалы алтын түсі – байлық пен берекенің, тыныштықтың нышаны. Күннің астында қанатын жайған қыран құс бейнеленген. Қыран құс – қазақ халқының жандүниесінің кеңдігін паш етеді, еркіндік сүйгіш асқақ рухын көрсетеді. Мемлекеттік тудың ағаш сабына бекітілген тұсында – қазақтың ою-өрнектерімен кестеленген тік жолақ өрнектелген. Ою-өрнек – еліміздің салт-дәстүрін, рухани байлығын, мәдениетін көрсетеді. Күн, арай, қыран және ою-өрнек алтын түспен бейнеленген. Ежелгі түркі халқы көк түсті аспан сөзіне байланыстырған. Бірыңғай көгілдір түске қарап бұлтсыз аспанды көруге болады. Бұлтсыз аспан – тыныштық пен татулықтың, ынтымақ пен бірліктің, адалдық пен сенімділіктің, еркіндік пен тәуелсіздіктің белгісі. Мемлекеттік тудың көгілдір түс Қазақстан халқының жаңа мемлекеттілікке ұмтылған ниеттілігінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді. Көк түс біздің ата-бабаларымыз үшін қасиетті ұғым. Геральдика тілінде көк түс және оның түрлі реңкі адалдық, сенімділік, үміт сияқты адамгершілік қасиеттерге сай келеді. Ел көгінде желбіреген көк туымыз суретші Шәкен Ниязбековтың төл туындысы.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны – халқымызды бірлікке, ынтымақтастыққа шақырады. Әнұранды әрбір қазақ қолын жүрегіне қойып, жән-тәнімен ынталана шырқайды. Мемлекеттік әнұранның әубастағы сөзін жазған қазақтың көрінекті ақыны Жүмекен Нәжімеденов, ал Нұрсұлтан Назарбаев бірнеше шумағына өзгеріс енгізген. Әнін жазған қазақ валісінің каролі атанған Шәмші Қалдаяқов.

Мемлекеттік Рәміздер – әр елдің тәуелсіздігін білдіретін, өзіндік ерекшелігін аңғартатын басты белгі болып саналады. Біз, қазақ елінің халқы – мемлекеттік рәміздерімізді сыйлап, құрмет тұтамыз. Еліміздің көк байрағы көгімізде желбіреп, әнұраны әр қазақтың жүрегінде шырқалып, елтаңбасы елдіктің, бірліктің белгісіндей болып, жүректерінің тұсына бекітілген. Қасиетті де қастерлі саналатын рухани байлығымыз мемлекеттік рәміздер – елдігіміздің, тәуелсіздігіміздің басты белгісі болып саналады. Ел рәміздерін құрмет тұтып, қас-герлеу – еліміздің Отансүйгіш әрбір азаматы үшін міндет әрі үлкен мәртебе. Приозерск қаласының тұрғындарын газетіміздің аты-нан айтулы мерекемен құттықтап, зор денсаулық, мол бақыт, ауызбірлік пен татулық, бейбітшілік пен тыныштық тілейміз!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,  
газеттің арнаулы тілшісі.

## АҚЫН-ЖУРНАЛИСКЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Приозерск қаласының тұрғыны, жерлесіміз, өз мамандығын терең де, тиянақты меңгерген мамандығына адал журналист, Қазақстан Республикасы журналистер Одағының мүшесі, ақын, қоғамдық жұмыстардың ұйтқысы болып жүретін Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегінің есімін қаламызда танымайтын жан жоқ шығар, сірә?! Небәрі 23 жасында туған жері Тамды ауданындағы, сол кездегі «Социалистік шаруашылық» газетіне тілші болып келген Н.Қыдырмұратұлы осы саладағы еңбекқорлығы және ізденімпаздығымен танылып, көп уақыт өтпей-ақ газеттің жауапты хатшысы лауазымына жоғарылатылған. Оның осынау мамандыққа болған махаббаты мен қызығушылығын жете таныған газет редакторы, осы саладағы ұстазы Қайыпназар Шотбасов жас журналиске бағытбағдар беріп, жоғары білім алуына жағдай жасайды. Өзінің де мамандық алуға деген ұмтылысы бар ол 1987-жылы Алматыдағы Әл Фараби атындағы Ұлттық мемлекеттік университеттің журналистика факультетіне оқуға түсіп, 1993-жылы кәсіби журналист болып шығады.

Приозерск қаласына 1995-жылы отбасымен бірге көшіп келіп, алғашқы жылдары әртүрлі салада қызмет етті. Алайда өзінің жан-тәнімен берілген журналистік маман-



көнін де білеміз.

2008-жылдан бері Қазақстан Республикасы журналистер Одағының мүшесі болып саналатын Н.Қарабектегі жақында, атап айтқанда 18-мамыр күні Алматы қаласындағы Қазақстан жазушылар Одағында өткен кеңейтілген пленумда Қазақстан жазушылар Одағына мүшелікке өтіп оралды. Әрине, бұл жоғарыда аталған кітаптарының арқасы. Осындай беделді атаққа ие болған жерлесіміз әрі әріптесімізді қала әкімі Сапар Сатаев ескерусіз қалдырмай, 30-мамыр күні қалалық кітапхананың мәжіліс залына қаланың зиялы қауымын «дөңгелек үстелге» жинап, журналист, ақын жерлесімізді құттықтады және қазақтың ұлттық жоралғы-



дығынан да, ақындық шығармашылығынан да қол үзген жоқ. Облыстық, республикалық газет-журналдарға мақала, очерктерімен қатар олең-жырларын да жариялап отырды. Қаламызда «Приозерский вестник» газеті ашылғаннан бергі кезеңнен бастап аталмыш газеттің ең белсенді әрі беделді тілшісі болып келеді. Оның журналистика саласындағы қызметі мен еңбегі жеке менің көз алдымда өтіп келеді. Ақын және журналист ретінде талай мүшәйраларға, байқауларға қатысып, біраз жүлделі орындарды жеңіп алғанына да куәміз. Екі жыр жинағы мен бір прозалық кітабының жарыққа шығуына қала әкімдерінің қол ұшын беріп, қаржылай көмектес-

сына сай шапан жауып, ат мінгізді. Қазақстан Республикасының Құрметті азаматы Сайлау Қарабеков құттықтау сөзін арнады, зиялы қауым өкілдері құттықтауларын жеткізді. Біз – әріптестері де бұл атаулы шарадан тыс қалмай, өзіміздің қуанышымызбен және шынайы көңілімізбен бөлістік, байғазымызды сыйладық. Бүгінгі таңда қала әкімінің кеңесшісі қызметін қоса атқарып, қаламыздың дамуына, өсіп-өркендеуіне сүбелі үлесін қосып жүрген әріптесімізге алдағы уақытта да зор денсаулық, шығармашылық табыс пен жетістіктер тілейміз!

Бегазы КЕНЖЕБЕКОВ,  
газеттің бас редакторы.

В преддверии референдума аким города Приозерск С.Сатаев провел встречу с предпринимателями Приозерска, по вопросу развития туризма в городе.

Открывая встречу Сапар Сатаев подробно остановился на разъяснении порядка проведения референдума, который пройдет в стране 5 июня, важности участия каждого гражданина в совместном построении будущего обновленной страны.

Предваряя тему по развитию туризма в городе, аким С.Сатаев особо подчеркнул важность наличия обратной связи с предпринимателями, как представителями наиболее активной части населения в данном виде деятельности.

В ходе рассмотрения вопроса развития туризма в городе,

## ПРИОЗЕРСК - ТЕРРИТОРИЯ АКТИВНОГО ОТДЫХА И КОМФОРТА

к сведению предпринимателей была предоставлена информация о проведенной работе "отделом предпринимательства", порядке кредитования малого и среднего бизнеса, грантах для молодых предпринимателей, а также о предлагаемых земельных участках под бизнес-цели.

Акким города подробно рассказал о проводимой работе, как по благоустройству города в целом, так и по облагораживанию пляжной зоны и прилегающей к ней территории. Вниманию присутствующих была представлена презентация слайд-шоу генерального плана города, с проектом по его преобразованию, и наглядной информацией по предлагаемому к передаче участкам. В своих выступлениях предприниматели отметили,

проводимую акиматом города работу, по формированию территории комфорта в городе. Со своей стороны, предложили проработать вопрос инициирования целевой государственной программы развития курортного кластера, в целях привлечения крупных средств в регион, активизации предпринимательской деятельности и развития города Приозерск, как курортной территории.

Подводя итоги встречи Сапар Сатаев поблагодарил всех присутствующих за вносимый вклад в развитие города, участие в социальных проектах и благотворительных

## Встреча с предпринимателями



акциях, высказанные предложения и предложил проводить данные встречи на регулярной основе.

Редакция газеты "Приозерский вестник"

## 1 маусым - Балаларды қорғау күні

Халықаралық балалар күніне арналған үлкен ісшара қаламыздағы мектептер мен балабақшаларда күндізгі сағат 12.00-ден басталып, кешкі сағат 18.00-де қаладағы мерекелік алаңда жалғасын тапты. Мерекелік кешке қаламыздың тұрғындарымен қоса кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдардың ұжымдары мен ата-аналар дерлік түгелімен қатысты.

*«Баршамызды бала тілімен баурайтын,  
Бала деген бір бақыт қой самғайтын.  
Ата - ананың арманы мен тілегін,  
Бала емес пе?, бал бұлақтан жалғайтын.  
Сүн - сүйкімді періштелер сендерсің,  
Қандай бейне өзереңге тең келісін.  
Данышпан да, гарышкер де, галым да,  
Ең алдымен балалықты меңгерсін»*, -

деген жыр шумақтарымен кешкілік уақытта ашылған мерекелік салтанатта қала әкімі Сапап Қайыркенұлы Сатаев ашып, өміріміздің гүлі, жанарымыздың нұры, әрбір отбасының қуаныш-шаттығы, еліміздің болашағы болған балаларға арнап құттықтау сөз сөйледі және балалар дайындаған тақпақтар

## БАЛАЛАР КҮНІ ТӨЙЛАНДЫ

мен қойылымдарды қала тұрғындарымен бірге тамашалады.

«Бақытты балалық шақ» музыкалық ұжымдарының флешмобын тамашалаудан басталған көңілді кеш әртүрлі қызықты

леріңізбен» әні, «Балапандар» биі, «Кім жылдам» ойыны, «Мы не малыши» биі, «Еркетай» шағын орталығының бүлдіршіндерінің орындаған «Біз тәртіпті баламыз» әні мен «Радуга» биі, «Гүл салу» ойыны, «Джен-



сахналық қойылымдармен, ән-би, күймен жалғасты. «Балақай» бөбекжайы, «Еркетай» шағын орталығы, «Айналайын» бөбекжайы, «№75» Ресей балабақшасы, «Вдохновение» би үйірмесі, «Жорға» би үйірмесі, «Достық» Тэквондо тобы өздері дайындаған көрсетілімдерін жиылған көпшілікке ұсынды. «Ертегі кейіпкерлерімен» би, «Мереке-

тельмен» би мен «Әрқашан күн сөнбесін» әні, ертегі кейіпкерлерімен сахналық ойындар, «Туған жер», «Ел қорғауға әзірміз» әндері, қаламыздың атын республикалық деңгейде көрсетіп жүргін «Достық» жасөспірімдер мектебінің бишілері дайындаған «Русский танец» жетекшісі Асия Шадбайқызы Омарова, «Манона» жетекшісі Ақмерей Аширбекова, «Танец малыши» жетекшісі Ақмерей Әшірбекова, №1 мектеп оқушысы Бердімұратова Анедің орындауындағы «Жақсы адамдарым» әні, Васильева Валерияның «Умка», Алина Долгованың «Асыл жол», Головин Денистің песня «Штиль» әндері көңілді кешті тамашалауға



келген көпшіліктің ықыласына бөленіп, қошеметпен қол соқтырды. Қаладағы барлық ұжымдардың балалар күні мерекесіне керемет дайындықтармен келгені, кішкентай өнерпаздардың тартымды орындаулары тамашағойлерді тәнті етті. Кешке қатысушылардың бәрі ризашылықтарын білдіріп жатты.

«Өнерлі балалардың барлығы «Қанаты жарқыраған жұлдызымыз!» - деген ұранмен 1-маусым балалар күніне арналған мерекелік ісшара Сүлейменов Шахнұрдың орындауындағы «Атамекен» әнімен қорытындыланды. Өздерінің төл мерекесін қызықтауға қатысқан барлық балаға қала әкімінің ұйымдастыруымен дайындалған балмұздақтар мен тәттілер таратылды.

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ,

Суреттерде: мерекеден көріністер.

## ЖҮЗДЕРІ ЖАРҚЫН

Приозерск гарнизонында орналасқан 44841 әскери бөлімі жаздың тамаша күндері балалар күнін атап өтті.

Басты шара әскери бөлімнің саптық алаңында өтті. Ісшараға әскери бөлімнің қызметшілерінің отбасылары қатысты, бөлім командирі подполковник Бектаев Үмітәлі Серікұлы балаларды айтулы ісшарамен өз атынан құттықтады.

Іс - шараның барсы әскери бөлімде балалармен түрлі



## БАЛАЛАР



конкурстар ұйымдастырылды.

Балалардың жарқын қуанышты жүздерін көрген әке шешелері әскери бөлім басшылығына өз ризашылықтарын білдіріп, алда істеріне сәттілік тіледі.

Думан Жұмашұлы,  
Приозерск гарнизонының баспасөз хатшысы

## САЛТАНАТТЫ ЖИЫН

«Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының үлкен залында 31-мамыр күні қаламыздағы коммуналдық, байланыс және электр жүйелері кәсіпорындары, мекемелер мен ұйымдар қызметкерлері мен басшылары, қала тұрғындарының қатысуымен 2021-2022-жылдар қыс науқанының аяқталу нәтижелеріне байланысты салтанатты жиын болып өтті. Жиын «Достық» БЖШО «Вдохновение» би тобының «Шашу» биімен ашылып, жүргізушілер Жанат Абулова мен Азамат Ернарзоров алғашқы құттықтау сөзді қала әкімі Сапап Қайыркенұлы Сатаевке берді.

Әкім аталған мекемелердің қыс науқанындағы еткен еселі еңбектері мен жасаған жұмыстарының маңыздылығын, жеткен жетістіктері мен табыстарын айрықша атап өтіп, «Қоғам мен мемлекет алдында сіздердің кәсіптеріңіздің маңыздылығы зор, себебі, сіздердің үйлесімді жұмыстарыңыз әр үйдің, отбасының жылылығы мен жайлылығына ғана емес, барлық еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына да ықпалын тигізеді. Жоғары кәсіби деңгейлі коммуналдық, жарық және телефон байланысын беру саласы қызметкерлерінің еңбегі – әлеуметтік тұрақтылықтың кепілі мен қоғамдық тыныштықтың негізі болып табылады», - деген жылы лебізден кейін кезек марапаттау рәсіміне берілді. Қаланың қоғамдық-саяси, әлеуметтік өміріне, дамуы мен өркендеуіне елеулі үлес қосып жүрген бір топ жұмысшы-қызметкерлер қала әкімінің Құрмет грамоталары және Алғыс хаттарына ие болды.

Атап айтқанда «Сарышаған Сужылу-2014» жауапкерлігі шектеулі серіктестігінің Су қоймасының ауыстыру шебері Талғат Төлегенұлы Азнабаев, оңтүстік аумақтық электр желілерінің электромонтері Пернебай Тұрғашбайұлы Дүйсенбаев, «Қазақтеле-

ком» акционерлік қоғамының желілік құрылымдары электрлік-монтеры Фатима Есенаманқызы Жапарбердиева, «Балқаш сервистік компаниясының» учаскелік жөндеуші ұстасы Симоненко Андрей Владимирович, «Приозерск Жил Сервис» жауапкерлігі шектеулі серіктестігінің учаске басшысы Ақжол Пірімбетұлы Есегиевтер марапатталды.



Қаланың қоғамдық-саяси өміріне белсенді қатысқаны және жаңа қазақстандық қоғамды құруға қосқан жеке еңбегі үшін Приозерск қаласы әкімінің Алғыс хатын алғандар: «АРАІ 2017» жауапкерлігі шектеулі серіктестігінің слесарь-сантехнигі Есболат Құрбанбайұлы Истурлиев, «Балқаш сервистік компаниясының» ғимарат тазалаушысы Жазира Асқарбайқызы Махмутова, «Благострой-Приозерск» жауапкерлігі шектеулі серіктестігінің ЭКО қызметкері Камалдин Насириддинұлы Оралбаев, Балқаш аудандық пайдалану бөлімінің аға электро-

монтері Қайрат Қуанышұлы Далмуратовтар. Сондай-ақ, қала әкімінің Құрмет грамотасымен «Сарышаған Сужылу-2014» жауапкерлігі шектеулі серіктестігінің кәрізді тазарту бөлімінің басшысы Аманай Мұратұлы Иманғалиев, «Сарышаған Сужылу-2014» жауапкерлігі шектеулі серіктестігінің кәрізді тазарту бөлімінде электргазбен дәнекерлеу-

шісі Рамазан Рымбайұлы Бейсеков, «Сарышаған Сужылу-2014» жауапкерлігі шектеулі серіктестігінің апатты қалпына келтіру учаскесінің бригадирі Зайцев Николай Александрович, «АРАІ 2017» жауапкерлігі шектеулі серіктестігінің аға слесарь-сантехнигі Артықбай Айтбайұлы Ерімбетов, «АРАІ 2017» жауапкерлігі шектеулі серіктестігінің заңгері Жәнібек Сайлыбайұлы Кенжебаев, «Приозерск Жил Сервис» жауапкерлігі шектеулі серіктестігінің бөлім басшысының м.а. Даулет Нұрланұлы Муслимов, «Приозерск ЖилСервис» жауапкерлігі шек-

## Қыс науқаны қорытындыланды

теулі серіктестігінің учаске басшысы Айнагүл Қашкынбайқызы Панаева, Оңтүстік аудандық электр желілерін жөндеу бойынша электромонтері Будченко Никита Валерьевич, Электр желілері оңтүстік ауданының техникалық қызмет көрсету жөніндегі электрригі Ислам Зикриллұлы Нышанбаев, «Балтийская Сервисная Компания» мекемесінің ғимараттар мен құрылыстардың конструктивтік элементтеріне қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі жұмысшысы Ержан Садуұлы Болысов, «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының Энергетика және климаттық инженерия орталығының электромеханигі Марат Шілікбайұлы Шыналиев, «Қазақтелеком» акционерлік қоғамының желілік техникалық учаскенің дәнекерлеушісі Жәкен Медетбекұлы Медетбеков, «Благострой-Приозерск» жауапкерлігі шектеулі серіктестігінің ЭКО қызметкері Роза Амангелдіқызы Дакенова, «Благострой-Приозерск» жауапкерлігі шектеулі серіктестігінің ЭКО қызметкері Гүлзада Нұрғалиқызы Алдажарова және Балқаш аудандық пайдалану бөлімінің авариялық қалпына келтіру жұмыстарының слесары Раматов Байұзақ Жаңабегенұлы марапатталды.

Қаламызға танымал өнерпаздар Марс Сүлейменов, Айғанша Болысова, Әсел Құрбанбаева және «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығының «Вдохновение» би тобының бишілері салтанатты жиын қатысушыларына шағын концерт қойып, көңілдерін көтерді. Жиын соңынан қала әкімдігі ұйымдастырған дастарқан мәзірінен қонақтар мен жұмысшы-қызметкерлер дәм татысты және оларды құттықтаулар жалғасын тапты.

Н. ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ,

Суреттерде: жиыннан көрініс

Мен, Қазақстан Республикасының азаматы (тегі, аты, әкесінің аты), Қарулы Күштердің қатарына кіре отырып ант қабылдаймын және Қазақстан халқы мен оның заңды сайланған Президентіне ақтық демім қалғаныша адал болуға, өзімнің егеменді мемлекетімің Конституциясы мен заңдарын қастерлеп сақтауға салтанатты түрде ант етемін...

(Қазақстан Республикасының Әскери анты мәтінінен үзінді)

Биылғы жылдың мамыр айындағы соңғы онкүндігіндегі жадыраған шуақты күндерінің бірінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Құрлық әскерлеріне қарасты «Астана» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің Приозерск гарнизонында орналасқан 06708 әскери бөлімі мен 18405 әскери бөлімінің жас сарбаздары салтанатты түрде Әскери ант қабылдады. Салтанатты жиынға «Астана» өңірлік қолбасшылық әскерлері қолбасшылық басқармасының зымыран әскерлері және артиллерияның бастығы – әскерлер қолбасшысының орынбасары полковник Кашкимбеков Дәулет Есенұлы қатысты.

Жас сарбаздардың Әскери ант қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиынның бетпердесін ашу кезіндегі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын көтеру мәртебесі жас сарбаздар жиыны кезінде жауынгерлік даярлықта үздік танылған

## САП ТҮЗЕГЕН ЖАС САРБАЗДАР

қатардағы жауынгер Көкленов Нұрболатқа бұйырды. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы көтерілгеннен кейін жеке құрамға Приозерск гарнизонының бастығы, 06708 әскери бөлімінің командирі подпол-

Садұлы өз сөзінде: «Қазақстан Республикасының Конституциясының 36-шы бабында: «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы және міндеті» - деп жазылған. Әскери ант қабылдау рәсімі – бұл әрбір жауынгердің Ата заң алдындағы міндетіне адал болуға, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшы тапсырмаларын бұлжытпай орындауға, сондай-ақ өз Отанын қорғауға әрқашан дайын болу керек екендігін білдіреді» - деп, ой түйді.

Бір сызық бойына сап түзеген жас сарбаздар салтанатты түрде Әскери ант қабылдады. Коронавирус індетінің таралуының кедергі болуымен, бірнеше жылғы үзілістен кейін әскер қатарына шақырылған мерзімдік қызмет әскери қызметшілердің ата-аналары мен туған-

туыстарының қатысуымен өткен салтанатты жиында «Астана» өңірлік қолбасшылық әскерлері қолбасшылық басқармасының зымыран әскерлері және артиллерияның бастығы – әскерлер қолбасшысының орынбасары полковник Кашкимбеков Дәулет Есенұлы, Приозерск қалалық Маслихатының хатшысы Сәрсембеков Бекзат Мұқсинұлы және 77437 әскери бөлімінің командирі Алимбетов Арыстан Абдуллаевич құттықтау сөз сөйледі. Жас сарбаздар атынан мінберге көтерілген қатардағы жауынгер Кенжеғалиев Данияр мен қатардағы жауынгер Воронцов Артур көпшілік алдында өздерінің жылы лебіздерін білдірді.

Әскери ант қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын соңынан жас сарбаздар өздерінің әскери өмірге бейімделудің алғашқы күндерінде жинақтаған тәжірибелерін көрсетіп, жиналған қонақтарға, ата-аналарға және туған-туыстарына дене шынықтыру дайындығындағы спорттық жаттығу түрлері, жауынгердің қарумен саптық тәсілдері және спорттық қоян-қолтық ұрыс тәсілдерінің кимылдарын іс-жүзінде көрсетті.

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарын толықтырған жас сарбаздардың Әскери ант қабылдау рәсімінің салтанатты жиыны жоғары деңгейде асқан ұйымшылдықпен өтті.

Думан Құрманғалиев,  
Приозерск гарнизонының  
баспасөз хатшысы



ковник Жасұлан Абеков Қазақстан Республикасы Конституциясының талаптарына сай, Отан алдындағы борышты өтеу кезіндегі Әскери анттың маңыздылығын жеткізді. Лауазымды басшы подполковник Жасұлан

### Қош бол, мектебім!

Мамырдың 25-жұлдызында Приозерск қалалық білім бөлімінің қаладағы №1 және №2 орта білім беретін мектептерінде соңғы қоңырау салтанатты жиындары болып өтті. Көктемнің соңына тура келген мамыр айының жадырап



тұрған күнінде бірінші салтанатты мереке әдеттегідей №2 мектептің ауласында өткізілді. Әдемілеп безендірілген аулада сап түзеген оқушылардың жүзегінде қуанышпен қатар толқудың да нышаны бар. Әсіресе мектептің он бірінші сыныбын бітіріп, жаңа өмірге, кәмілеттік жасқа қадам басқалы отырған түлектер келбетінен қобалжу сезімі байқалады.

Салтанатты жиынға Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Сағынбек Жаңбырбайұлы Бейсекеев, қалалық мәслихат хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков, білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымова, Қазақстан жазушылар Одағының және ҚР журналистер Одағының мүшесі, ақын Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегі, Приозерск қаласы жастар ресурстық орталығының басшысы Ұлан Алмасұлы Алмас және ата-аналар құрметті қонақтар ретінде қатысты. Жүргізушінің ашылу салтанатын хабардағаннан кейін аула төріне ҚР Мемлекеттік Туы шығарылғаннан кейін еліміздің Әнұраны шырқалды.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев биылғы жылды балалар жылы деп белгілегені белгілі. Осындай атаулы жылы мектеп бітіріп, болашақ өмірге аттанғалы отырған түлектерді құттықтау үшін алғашқы сөз қала әкімінің орынбасары С.Ж.Бейсекеевке берілді. Түлектерді, оқушыларды, ұстаздар мен ата-аналарды бүгінгі айтулы қалалық мәслихат хатшысы Б.М.Сәрсембеков құттықтады. Мектеп директоры Қарлығаш Серікқызы Алтынбекова 2021-2022 оқу жылындағы жетістіктері

туралы шағын баяндама жасап, түлектерді, ата-аналарды және әріптестерін атаулы мерекемен құттықтады. Мерекелік салтанаттың көркін келтіретін ән шырқалып, би биленді. Бітіруші аға-әпкелерін мектептің бірінші сынып оқушылары жүрекжарды таппақ-тарымен құттықтап, болашақтарына ақ жол тіледі. Өз кезегінде түлектер алтын ұя мектебіне, ұстаздарына деген ыстық лебіздерін, жүрекжарды жолдауларын жыр жолдары арқылы жеткізіп, алғыс-рахметтерін арнады. Алаңның ортасына шыққан түлектер қоштасу вальсін дөңгелене биледі.

2021-2022 оқу жылының аяқталуына арналған соңғы қоңырауды соғу құрметі мектептің оқу озаты, қоғамдық істердің ұйтқысы хәм белсендісі болған жас түлек Ғабит Ізбасар мен бірінші сыныптың үлгілі оқушысы Айлан Мағзамоваға бұйырды.

\*\*\*

«Соңғы қоңырау» салтанаты қаламыздағы №1 қазақ орта мектебінде де лайықты түрде атап өтілді. Мектеп ауласының тарлығына байланысты бастауыш сыныптардың қатысуындағы салтанатты жиын кеше



өткендіктен, бүгінгі жиынға бітіруші түлектердің ата-аналары, жоғарғы сыныптар оқушылары, арнайы шақырылған құрметті қонақтар – Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Сағынбек Жаңбырбайұлы Бейсекеев, қалалық мәслихат хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков, білім бөлімінің басшысы Гуля Кеңесқызы Қасымова, Қазақстан жазушылар Одағының

## СЫҢҒЫРЛАП СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ...

және ҚР журналистер Одағының мүшесі, ақын Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегі, Приозерск қаласы жастар ресурстық орталығының басшысы Ұлан Алмасұлы Алмас және ұстаздар қауымы қатысты. Ортаға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы енгізілген соң, Әнұран



орындалды. Бұдан әрі балдаурен балалық шақпен қоштасып, болашаққа қанат қаққалы отырған түлектер салтанатты түрде алаң ортасына шақырылды. Осы айтулы күннің себепшілері, өнері мен білімін өз бойларына өре білген, еліміздің ертеңгі тізгінін қолға алатын түлектерді жиылған қауым қол шапалақтап, қошеметпен қарсы алды. Жүргізушілер алаңға шығып келе жатқан 3 бірдей бітіруші сыныптағы оқу озаттарының, мектептің мәдени-қоғамдық өміріне зор үлестерін қосып, пән, спорт және өнерде үлкен жетістікке жеткен оқушылардың есімдерін көпшілікке таныстырып, марапаттарын атап өтті. №1 мектепте биылғы оқу жылында жалпы 53 түлек бітіргелі отыр екен.

«Соңғы қоңырау» салтанатына қатысушылар мен жас түлектерді қала әкімінің м.у.а әрі орынбасары С.Ж.Бейсекеев, қалалық мәслихат хатшысы Б.М.Сәрсембеков, құттықтап, қадамдарына сәттілік тіледі. Мектеп директоры Панар Айдарханқызы Жұмаханова өткен оқу жылына қорытынды жасап, білім берудегі нәтижелері туралы баяндады және түлектерді құттықтап, қадамдарына ақ жол тіледі. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің азаматтық персоналы, «Қамқорлық» кеңесінің төрағасы Тілек

Алшынбекұлы Кенжебеков сөзге шығып, бітірушілерді құттықтады хәм алғашқы әскери дайындық бойынша жарыстарда көзге түсіп, жетістікке жеткен оқушыларға марапаттар табыстады. Ата-аналар атынан сөз алған Әлия Қалабайқызы Құрманғожина түлектер мен ұстаздарға арнаған құттықтауын жеткізді. Бірінші сынып оқушылары бітірушілерге арнаған құттықтауларын таппақпен арнады. Алтын ұя – мектептері-

нен ұлы өмір биігіне аттанғалы отырған түлектер өздерінің ұстаздары және мектебіне арнаған алғыстары мен құрметтерін жүрек тебіренетерлің өлең жолдарына сиғызыпты.

Осынау №2 мектепте соңғы жылдары дәстүрге айналған жақсы шара – «Білім кілтін» «Үздік аттестат» үміткері Жансая Мухиядін оныншы сыныптың озат оқушысы, ізбасары Акерке Раджапбайға тапсыра тұрып, оған үлкен аманат жүктеді. Кілтті қабылдаған Акерке Раджапбай Жансая әпкесінің аманатын адалдықпен орындауға ант берді. Түлектердің «Мектеп вальсі» биленгеннен кейін өнерлі, ақын, белсенді, бітіруші бозбала Мархабат Мұрадәлі «Қимай тұрмын» әнін шырқап, талай көңілдерді босатып, жанарлардан қимастық пен сағыныш жасын тамшылатты.

«Соңғы қоңырау» соғу құрметі мектеп бітіруші жас түлектер – Бейбарыс Жиенбай мен Шұғыла Әбдімүтәліпке берілді. Алдарында ұлттық бірінғай тест пен емтихандар күтіп тұрған түлектер мен оқушыларға сәттілік және жазғы демалыстарын көңілді өткізулерін тілейміз!

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ,  
Суреттерде: соңғы қоңыраудан  
көріністер.

## ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ  
ТҮРҒЫНДАРМЕН ЕСЕПТІК  
КЕЗДЕСУІН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

## Құрметті Приозерск қаласының тұрғындары!

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы № 826 Жарлығын орындау үшін барлық деңгейдегі әкімдер жыл бойы халықпен кездесулер өткізіп, оның барысында халықты толғандыратын әлеуметтік мәселелерге назар аударып, Қазақстанды жаңғыртудың жаңа бағытының негізгі бағыттары туралы хабардар етіп, проблемалық мәселелерді шешу жолдары мен мерзімдерін түсіндіреді.

2022 жылдың 17 маусымында сағат 16.00 Приозерск қаласы әкімі С.Қ. Сатаевтың тұрғындармен кездесуі өтеді.

Кездесу барысында тұрғындар мен жергілікті атқарушы биліктің, арасында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында халықпен кері байланыс барынша орнатылады.

Қала әкімі жергілікті атқарушы органдардың, прокуратура және ішкі істер органдарының басшылық құрамымен, мәслихат депутаттарымен, қоғамдық кеңестер мүшелерімен, жергілікті зиялылармен бірлесіп, азаматтарды жеке қабылдау өткізеді.

Азаматтарды толғандыратын проблемалық мәселелерді және ұсыныстар мен ескертулерді жинақтау үшін арнайы орындарда жәшіктер қойылады.

Айтылған ескертулер мен ұсыныстар әкімдердің жұмысына баға беруде ғана емес, сонымен бірге жасалатын нақты жоспарлар мен шараларда көрсетілетін болады.

Приозерск қаласының әкімдігі

## Приозерск қаласының әкімі

Сапар Қайыркенұлы Сатаевтың халықпен кездесуі  
КЕСТЕСІ

№ р/с	Қала атауы	Өткізу күні	Өткізу орны және уақыты
1	Приозерск қ.	17.06.2022ж.	«Достық» балалар және жасөспірімдер шығармашылық Орталығы (Космонавтар көш., 2), сағат 16.00

Приозерск қаласы әкімінің халықпен  
кездесуіне халықтың ескертулері мен  
пікірлерін, ұсыныстарын жинауға  
арналған жәшіктерді орналастыру  
ОРЫНДАРЫНЫҢ ТІЗБЕСІ

№ р/с	Ұйымдардың атауы	Ұйымның орналасқан жері
1	Приозерск қаласының әкімі аппараты	Пушкин к., 7
2	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ Қарағанды облысы бойынша филиалы – Халыққа қызмет көрсету жөніндегі Приозерск қ. бөлімінің ғимараты	Космонавтар к., 1
3	Қалалық пошта ғимараты	Пушкин к., 9
4	Жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің ғимараты	Балқаш к., 5
5	Қалалық орталық аурухана ғимараты	Транспортная к., 19

«Жедел желі» телефоны: 5-30-06

Приозерск қаласы әкімі

## НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти **Крыкбаевой Галины Петровны**, умершей 03 января 2022 года. Наследникам, а также физическим и юридическим лицам, к которым Крыкбаева Галина Петровна имела обязательства, обращаться к нотариусу Карабекову С.С.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

## «БК «Сине Мидас Строй» ЖШС хабарлайды:

13.07.2022 ж. сағ 11.00 мин. Қарағанды облысы, Приозерск Г.А., Приозерск қ., Пушкин көшесі, 7 мекен-жайы бойынша, акт залында 11 учаскеде (№3, №3А, №4, №4А, №5, СМС 1, СМС 3, СМС 4, СМС 5, СМС 7, Приозерск-камен) кең таралған пайдалы қазбаларды өндіру бойынша, Қарағанды облысының Шет және Ақтоғай аудандарындағы, Приозерск қаласының әкімшілік бағыныстағы жерлерінде орналасқан, «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық транзиттік дәлізін, «Балқаш – Бурылбайтал» учаскесін реконструкциялау үшін пайдаланылатын, 1955 -2005 км «Тасарал-Сарышаған» арналған Тау-кен жұмыстарының жоспары жобасы бойыншы қоғамдық тыңдау өткізіледі.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында танысуға болады.

Белгіленген қызметтің басамашысы: «БК «Сине Мидас Строй» ЖШС. Қосымша ақпарат алуға болатын байланыстар мен эл.пошта: тел.87051109492, e-mail: [info@sinemidas.com](mailto:info@sinemidas.com). Жоба материалдарымен [esportal.kz](http://esportal.kz) сайтында танысуға болады. Өзірлеуші ЖШС «Жетісу Жерқойнауы», тел. 87075919301.

Ескертулер мен ұсыныстар қабылданады: <https://ecoportal.kz/>

«Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Гермаш Надежда Викторовна, [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru).

Аумақтық әсері: кентаралған пайдалы қазбалардың «№4А», «№5», «СМС1», «СМС3», «СМС4», «СМС5», «СМС7» учаскелері Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданының оңтүстігінде орналасқан, «№3», «№3А», «№4» учаскелері Қарағанды облысы, Шет ауданының оңтүстік-шығысында орналасқан, «Приозерск-камень» учаскесі Қарағанды облысы, Приозерск қаласының әкімшілік-аумақтық бағынысындағы жерлерде, автомобиль жолының бойында орналасқан.

«БК «Сине Мидас Строй» ЖШС

## Меншік иесі: «ЖК А.В. Струментов».

«Приозерский вестник» газеті Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігінде 15.03.2004 ж. №4843-г тіркелген, 24.12.2018 ж. № 17414-Г МББ қайта тіркеу туралы куәлігі. Редакцияның мекен-жайы: 101100 Приозерск қаласы, Космонавтар көшесі, 5 үй, 106-107 оф.

Анықтама телефондары: +7-705-981-86-79 (бас редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор). E-mail: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru); [instagram: https://shortlinks.plus/zmsid](https://shortlinks.plus/zmsid), [fb: https://shortlinks.plus/qfbki](https://shortlinks.plus/qfbki) Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, "Арко" ЖШС-де басылды. Тапсырыс № 22/770. Таралымы: 500 дана, көлемі-1 б.т., пішімі - А2, 4 бет.

## Бас редактор: Б.А.Кенжебеков.

Техникалық редактор: А.В.Струментов. Жеке хабарландырулар мен жарнама беру үшін мына телефонға хабарласыңыз: +7-705-466-60-63 Хат-хабар мына электрондық мекенжайға қабылданады: [prz\\_westnik@mail.ru](mailto:prz_westnik@mail.ru)

Хаттар, қолжазбалар, фотосуреттер мен суреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Келтірілген фактілердің, статистикалық деректердің, тиісті атаулардың, географиялық атаулардың және басқа да деректердің дәлдігі үшін жарияланым авторлары жауапты болады. Редакция жарнаманың мазмұны үшін жауап бермейді. Авторлардың пікірі редакцияның пікірімен сәйкес келмеуі мүмкін. Редакцияның келісімінсіз материалдарды қайта басуға тыйым салынады.

## К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

О ПРОВЕДЕНИИ ОТЧЕТНОЙ  
ВСТРЕЧИ АКИМА ГОРОДА  
ПРИОЗЕРСК С НАСЕЛЕНИЕМ

## Уважаемые жители города Приозерск!

Во исполнение Указа Президента Республики Казахстан от 3 марта 2022 г. №826 акимы всех уровней проводят течение года встречи с населением, в ходе которых информируют об основных направлениях нового курса модернизации Казахстана с акцентом на социальные вопросы, волнующие население, и разъясняют пути и сроки решения проблемных вопросов.

17 июня 2022 г. в 16.00 часов пройдет встреча акима города Приозерск С. К. Сатаева с населением.

В ходе встречи между жителями и местной исполнительной властью в рамках реализации концепции «Слышащего государства» максимально будет установлена обратная связь с населением.

Аким города совместно с руководящим составом местных исполнительных органов, органов прокуратуры и внутренних дел, депутатами маслихатов, членами Общественных советов, местной интеллигенцией проводит личный прием граждан.

Для сбора проблемных вопросов, волнующих граждан в специально отведенных местах будут установлены ящики для предложений и замечаний.

Все замечания, пожелания будут учтены не только при оценке их работы, но и найдут отражения в конкретных планах и мероприятиях.

## ГРАФИК

проведения встречи акима города Приозерск  
Сатаева Сапара Каиркеновича с населением

№ п/п	наименование города	Дата проведения	Место и время проведения
1	г.Приозерск	17.06.2022г.	Детско-юношеский творческий центр «Достық», (ул. Космонавтов, 2), 16.00 часов

## ПЕРЕЧЕНЬ МЕСТ

размещения ящиков для сбора предложений,  
замечаний и откликов населения  
к встрече акима города Приозерск с населением

№ п/п	Наименование организации	Местонахождение организации
1	Здание аппарата акима города Приозерск	ул. Пушкина, 7
2	Здание отдела г. Приозерск по обслуживанию населения - филиала НАО «Государственная корпорация» «Правительство для граждан» по Карагандинской области	ул. Космонавтов, 1
3	Здание городской почты	ул. Пушкина, 9
4	Здание отдела земельных отношений, архитектуры и градостроительства	ул. Балхашская, 5
5	Здание городской центральной больницы	ул. Транспортная, 19

Телефон «горячей линии»: 5-30-06

Акимаг города Приозерск

по адресу: Карагандинская область, город Приозерск, улица Космонавтов, дом 1 «Центр по обслуживанию населения филиала НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан», офис 2. Справки по телефону: 5-38-94; +7 701 475 9101; +7 777 115 0727; e-mail: [sailau.karabek@mail.ru](mailto:sailau.karabek@mail.ru)

## ОБЪЯВЛЕНИЕ

## ТОО «СП «Сине Мидас Строй» уведомляет:

13.07.2022 г. в 11.00 часов по адресу: Карагандинская область, Приозерск Г.А., г. Приозерск, ул. Пушкина, 7, в актовом зале будут проводиться общественные слушания по проекту отчета о возможных воздействиях к Плану горных работ по добыче общераспространенных полезных ископаемых на 11 участках (№3, №3А, №4, №4А, №5, СМС 1, СМС 3, СМС4, СМС 5, СМС 7, Приозерск-камень), расположенных на землях административного подчинения г. Приозерск, в Шетском и Ақтоғайском районах, Карагандинской области, используемых для реконструкции международного транзитного коридора «Западная Европа – Западный Китай», участок «Балқаш – Бурылбайтал», км 1955-2005 «Тасарал-Сарышаған».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «СП «Сине Мидас Строй». Контакты и эл.адрес, по которым можно получить дополнительную информацию: тел.87051109492, e-mail: [info@sinemidas.com](mailto:info@sinemidas.com). Ознакомиться с материалами проекта можно на сайте: [esportal.kz](http://esportal.kz). Разработчик ТОО «Жетісу Жерқойнауы», тел. 87075919301.

Все замечания и/или предложения принимаются: <https://ecoportal.kz/>

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», Гермаш Надежда Викторовна, [expertiza.upr\\_krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr_krg@mail.ru).

Территориальное воздействие: Участки общераспространенных полезных ископаемых «№4А», «№5», «СМС1», «СМС3», «СМС4», «СМС5», «СМС7» находятся на юге Ақтоғайского района, Карагандинской области, участки «№3», «№3А», «№4» расположены на крайнем юго-востоке Шетского района, Карагандинской области, участок «Приозерск-камень» расположен на землях административно-территориального подчинения г. Приозерск, Карагандинской области.

ТОО «СП «Сине Мидас Строй»